

4 дәріс. Валюталық операциялардың түсінігі және түрлері

1 Валюталық операциялардың түсінігі мен түрлері

Валюталық операцияларды құқықтық реттеу валюталық қатынастарды реттеу, қорғау және жетілдіру мақсатында нормативтік-ұйымдастырушылық ықпалы мемлекет арқылы жүзеге асырылады. Валюталық қатынастарды құқықтық реттеу тетігі Қазіргі құқықтық механизмнің принципі ережелер мен заңдылықтарда белгіленбеген іс шаралардың барлығында жасауға тыйым салынбаған дегенді білдіреді.

Валюталық операциялар валюталық құндылықтарға қатысты жасалатын мәмілелер. Олар ұлттық заңдармен және халықаралық келісімдермен реттеледі. Қазақстан Республикасының заңдары бойынша валюталық операциялар валюталық құндылықтарды меншіктену және т.б. құқыларының өзгеге берілуіне байланысты, соның ішінде төлем құралдары ретінде шетел валютасын және шетел валютасы түріндегі төлем құжаттарын пайдалануға байланысты операциялар; валюталық құндылықтарды республикаға алып келу, сыртқа шығару және жолдау; ұлттық валютаны, сондай-ақ, номиналы мен құны осы валютамен есептелінетін құнды қағаздар мен төлем құжаттарын меншіктену құқыларының бір-біріне өтуі жөніндегі резиденттер мен резидент еместер арасындағы мәмілелер болып бөлінеді.

Валюталық операцияларды құқықтық реттеу келесідей қағидаларға негізделеді:

1) Уәкілетті мемлекеттік органдардың арнайы рұқсатынсыз (лицензия) валюталық қатынастарға қатысушылардың валюталық операцияларды жүргізу мүмкіндігі;

2) Тек уәкілетті банктер арқылы валюталық операцияларды жүзеге асыру мүмкіндігі;

3) Валюталық операцияларды жүзеге асыру барысында заңнаманың сақталуын валюталық бақылау агенттері мен органдарының қатаң валюталық бақылау жүргізуі.

«Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы валюталық операциялардың өзге де түрлерін реттейді. Валюталық операциялар келесідей негіздер бойынша сараланады:

1. Валюталық операцияларды жүзеге асыратын субъектілері бойынша келесідей бөлуге болады:

- резиденттер арасындағы валюталық операциялар;

-резиденттер және резидент еместер арасындағы валюталық операциялар;

- резидент еместер арасындағы валюталық операциялар.

Валюталық заңнама тек Заңда көрсетілген резиденттер арасындағы валюталық операцияларға рұқсат береді. Оларға жататындар:

1) Тараптардың бірі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және (немесе) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі болатын операциялар;

2) өздеріне берілген лицензияға және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес уәкілетті банктер мен уәкілетті ұйымдар жүзеге асыруға құқылы банктік операцияларға және өзге де операцияларға жатқызылатын валюталық құндылықтармен операциялар;

3) валюталық операциялар жүргізу жөніндегі банктік қызмет көрсетуге ақы төлеу, сондай-ақ шетел валютасымен банктік қызмет көрсету көзделетін шарттар бойынша тұрақсыздық айыппұлдын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) төлеу;

4) номиналдық құны шетел валютасымен көрсетілген бағалы қағаздарды сатып алуға, сатуға, сыйақы төлеуге және (немесе) өтеуге байланысты операциялар;

5) аударым аккредитивтерін ақы төлеу нысаны ретінде пайдаланған кезде экспортты (импортты) жүзеге асыруға байланысты комиссия шарттары бойынша ақша төлемдері мен аударымдары;

6) шетел валютасымен көрсетілген вексельдерді ақшалай міндеттемелерді орындау ретінде беру;

7) бажсыз сауда дүкендерінде тауарларды сату кезінде, сондай-ақ халықаралық тасымалдаулар кезіндегі жүру жолында жолаушыларға тауарлар сату және қызмет көрсету кезінде есеп айырысуға байланысты операциялар;

8) жеке тұлғаның Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге іссапарға шығуына байланысты шығыстарын, оның ішінде өкілдік шығыстарын төлеу кезіндегі операциялар, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге іссапарға шығуына байланысты берілген жұмсалмаған авансты өтеу кезіндегі операциялар;

9) жеке тұлғалардың ақшаны өтеусіз аударуы немесе валюталық құндылықтарды жеке тұлғаларға, сондай-ақ жарғылық қызметі қайырымдылық қызметін жүзеге асыруға бағытталған заңды тұлғаларға өтеусіз беруі;

10) жеке тұлғалардың басқа жеке тұлғалардың пайдасына банк салымдарын енгізуі;

11) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген жағдайларда салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуге байланысты операциялар.

Резидент және резидент еместер арасындағы валюталық операциялар шектеусіз жүзеге асырылуы мүмкін. Резиденттер Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес тараптардың келісімі бойынша резидент еместермен ұлттық және (немесе) шетелдік валютамен мәмілелер жасасуға құқылы.

Қазақстан Республикасының аумағында резидент еместер арасындағы валюталық операциялар «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Заңның 16-бабында белгіленген талаптарды ескере отырып шектеусіз жүзеге асырылады.

2. Валюталық операцияларды жүзеге асыру барысындағы әрекеттерді сипаты бойынша былайша бөлуге болады :

- резидент және резидент еместердің валюталық операциялары бойынша ақша төлемдері және аударымдар;

- шетел валюталарымен айырбастау операциялары;

- қолма-қол ұлттық валютаны, бағалы қағаздар мен төлем құжаттарын, номинал және валюталық құндылықтарды тасу және әкету.

Аталған валюталық операциялардың түрлерін жүзеге асыру тәртібі Қазақстан Республикасының «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Заңының 16, 17 және 18 баптарына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Капитал қозғалысының бағыты бойынша валюталық операциялар :

- экспорттық;

- импорттық деп бөлінеді.

Резиденттер тауарлар (жұмыстар, қызметтер көрсету) экспортына ақы төлеу валютасын тауарлар (жұмыстар, қызметтер көрсету) экспорты күнінен бастап 180 күн ішінде немесе тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін жекелеген тауарлар экспорты күнінен бастап 365 күн ішінде алуға және уәкілетті банктердегі шоттарға аударуға тиіс; Резидент емеске

коммерциялық кредит шарттарымен тауарлар (жұмыстар, қызметтер көрсету) импорты бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру үшін резиденттің резидент еместің пайдасына аударған валютасын, резидент емес міндеттемелерін орындамаған жағдайда, аудару күнінен бастап 180 күннен кешіктірмей резидент алуға және оны уәкілетті банктердегі шоттарға аударуға тиіс.

Валюталық шектеудің жана нысанын құру күрделі процесс және ең бастысы мемлекеттің ішкі мүддесіне тікелей байланысты. Ел экономикасының дамуы мен өркендеуінде кез-келген талаптарға сай келетін валюталық шектеулердің нысаны әралуан.

Ескеретін жайт, «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Заңда капитал қозғалысына байланысты операцияларды резидент және резидент емес, операциялар және ағымдағы операциялар қарастырылмаған. Дамыған мемлекеттердің басым көпшілігі, әлемдік тәжірибе көрсеткендей, ағымдағы операцияларды шектеуден бас тартты, шектеулер толықтай жойылғанымен, мемлекет шетелдік операцияларды әлсіз күйде жалғастырады. Ірі мемлекеттердің кейбіреулері капиталдың қайта құйылымы реттелмеген тұлғалар алдында дәрменсіздік танытады, сол себепті, 70-80ж.ж. олардың басым көпшілігі ұлттық валюталық реттеуді бәсеңсітеді. Көптеген шағын мемлекеттер бұл операцияларды қолданбайды. Валюталық шектеулер ұлттық валютаны халықаралық есеп айырысу, валюталық және несие операцияларын және шетелдік валюталарға еркін айырбастауда бөгет болады. Егер, мемлекет эмитентті шектейтін болса немесе төлем балансының ағымдағы операциясы бойынша шетелдік валюталарды айырбастауға тоқтау қоятын болса ұлттық валюта айырбасталмайтын валюта болып есептеледі.

Жалпы, Қазақстан Республикасының «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Заңы валюталық операцияларды либерализациялауға бағытталған.

Нарықтық қатынастар жағдайында сақтандыру валюталық операциялары кеңінен таралды. Экспорттық-импорттық операцияларды сақтандыру экспорттық несиелерді, валюталық нарықты және жүктерді сақтандыруды қамтиды. Мемлекет тек коммерциялық емес, сондай-ақ саяси тәуекелдерді өзіне қабылдайды.

Валюталық тәуекел сыртқы сауда келісімшартын жасасу және төлеу барысында жүзеге асады. Валюталық тәуекелдерді залалдар тәуекелі және ұтылған түйіндер тәуекелі деп бөлуге болады. Залалдар тәуекелі курсты арттыру барысында экспорттық келісімшарт бағасының азайтылуымен байланысты. Ұтылған түйіндер тәуекелі сақтандыру тәуекелінің бірін таңдауда төменгі нәтиже алу мүмкіндігімен байланысты, курстың өзгеруі

сыртқы сауда операциялары үшін де қолайлы болуы мүмкін. Валюталық тәуекелдерді сақтандыру келесідей әдістермен реттеледі : курстың өзгеруі қолайлы мүмкіндігін таңдаумен байланысты келісімшарттың валюта құнын таңдау (экспортер үшін – бұл курсы жоғары мықты валюталар, ал, импортер үшін – курсы төмендетілген осал валюталар).

Валюталық операцияларды құқықтық реттеу келесідей қағидаларға негізделген:

4) Белгіленген органдармен шығарған заңдылықтарына сай валюталық операцияларды жүргізуге мүмкіндігі бар органдар

5) Валюталық операцияларды тек белгіленген коммерциялық банктер арқылы жүзеге асыру

6) Валюталық реттеу заңдылықтарын сақтауды қатаң түрде қадағалау

«Валюталық реттеу мен бақылау» Заңы валюталық операциялардың белгілі бір операциялар жұмысына арналған. Осы жағдайды анализдеу барысында валюталық операцияларды келесідей бөлуге болады:

2) валюталық құндылықтармен операциялар, ал олар банктік және тағы басқа операцияларға жатқызылады. Осы іс әрекеттерді тек коммерциялық банктер мен белгіленген банктер, яғни арнайы Қазақстан Республикасының лицензиясы бар органдар атқара алады.

3) валюталық операцияларды жүргізудегі банктік қызметтерді төлеу, сонымен қатар банктік келісім шартпен белгіленген келісім шарт бойынша штраф пен қарыздың төлемі,

4) құнды қағаз бойынша жасалатын операциялар, сатып алу мен сату, резидент еместің құнды қағаздары бойынша өтеу

5) комиссия келісім шарттары бойынша ақша аударымы, экспорт пен импортта аккредитивті төлеудің альтернативі ретінде қолданылған жағдайда.

6) міндеттемені өтеу үшін вексел қағазын шетелдік валюта негізінде тапсыру,

7) Қазақстан Республикасының Валюталық реттеу мен бақылау туралы Заңы мен нормативтеріне сәйкес резиденттермен тауар сатып алу кезінде шетелдік валютамен ақшалай есеп айырысу,

8) Қазақстан Республикасынан шетелге жіберуде командировтік шығындарды өтеу;

9) ақысыз ақшалай аудару, жеке тұлғалардың жеке тұлғаларға ақысыз ақшалай аударымдары, сонымен қатар заңды тұлғаларға,

10) жеке тұлғалардың басқа жеке тұлғаларға ашқан банктік салымдары;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бюджеттің салымдары мен міндеттемесі төлеу

Валюталық операциялар резидент пен резидент еместердің арасында еш кедергілер жоқ, егерде белгілі бір заңдылықтармен басқа қабылданбаса.

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес резидент пен резидент еместердің арасында келісім шарттарға ұлттық валютада немесе шетелдік валютада отыруға болады.

Резидент пен резидент еместердің арасында валюталық операцияларды жүзеге асыру «Валюталық реттеу мен бақылау» Заңының 16 бабына сәйкес орындалуы керек, яғни, валюталық операциялар негізінде ақшаны аудару ережелері көрсетілген [15 бап].

2. Валюталық операцияларды жүзеге асыру әрекеттерін сипаты бойынша бөлуге болады :

- валюталық құндылықтарды, ақшаны, номинал немесе ұлттық валютаға шаққандағы бағасы, резиденттермен шығарған құнды қағаздар.

Осы аталған валюталық операцияларды жүзеге асыру тәртібі «Валюталық реттеу мен бақылау» Заңының 16, 17, мен 18 баптарына сәйкес.

3. валюталық операциялар кезінде капиталдың қозғалуына байланысты олардың түрлері келесідей:

Валюта тауар экспортын (жұмыс, қызмет) төлеуде резидент қатысуы қажет және Қазақстан Республикасының Үкіметімен 365 күн ішінде шығарылған түрлі тауарлар экспортын уәкілетті банктерде есепке алу бекітілген.

Халықаралық тәжірибені зерттей келе жаңа валюталық шектеуді жасау қиынға соқпайтыны анықталды және ол түбегейлі мемлекеттің өзінің ішкі мақсаттарына байланысты. Соның нәтижесінде мемлекеттің әртүрлі жанжақты жасалған валюталық шектеу туралы айтуға болады. Олардың сандық жағы сол мемлекеттің жағдайына қалайша жақсы бейімделгені байқалады.

Сонымен қатар, «Валюталық реттеу мен бақылау» Заңында резидент пен резидент еместердің валюталық операциялары деген айырмашылық қарастырылмаған. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей көптеген мемлекеттер

валюталық шектеуден бас тартты, алайда мемлекет араласпаса да сол құралдар қолданылады. Ірі мемлекеттер капиталдың ағып кетуінен сақтана алмайды, соның нәтижесінде 70-80 жылдары олардың ұлттық экономикасының жағдай нашарлады. Ал кіші мемлекеттер оны өздеріне жасай алмайды. Валюталық шектеу бұл есеп айырылысу кезінде ұлттық валютаны қолдануға қиындық туғызады, шетелдік валютаның жақсы айналымына әсерін тигізеді.

Егер де мемлекет ағымдағы валюталық операциялар бойынша валюталық шектеу қойған болса онда Ұлттық валюта конвертацияланбаған болып саналады.

Жалпы алғанда «Валюталық реттеу мен бақылау» Қазақстан Республикасының Заңы валюталық қатынастарды либерлдауға бағытталған. Ал соның нәтижесінде валюталық операцияларды жүргізуге рұқсат ететін ережені сырғып тастайды.

Қазіргі нарықтық жағдайда валюталық сақтандыру кеңінен таралды. Экспорт импорттық операцияларды сақтау деп экспорттық несиелерді, тауар мен валютаны сақтандыруды көздейді.

Бұл экспорттердің импортерге берілген несиесінен сақтандыру үшін жасалатын іс шара. Бұл мемлекеттік және жеке ұйымдармен жүзеге асырылады. Мемлекете тек коммерциялық қана емес саяси тәуекелдерді өзіне алады.

Валюталық тәуекелдерді сақтандыру бұл валюталық шығындардың пайда болуынан сақтайды. Валюталық тәуекел бұл сыртқыкелісім шартқа отырған кезде және төлемдерді жүзеге асырған кезде пайда болады. Валюталық тәуекелдіреді шығындар тәуекелдері мен жоғалтқан пайда тәуекелі деп бөлуге болады. Шығындар тәуекелі бұл экспорттық келісімшарт пайдасының төмендеуінен болса, жоғалтқан пайда тәуекелі ақары ең жаман нәтиже алуынан болады. Тәуекел болғанда оны сақтандыру жөн, әйтпесе шығындар одан да көп болуы мүмкін.

Валюталық тәуекелдерді сақтандырудың келесідей әдістері бар: келісім шарттық валютаны таңдау, бұл валюталық курстың өзгеруінен (экспорттаушыға – бұл қатты валюта, яғни валюта жоғарлауы, ал импортерге – төмен валюта, яғни валюта төмендеуі керек); келісім шартқа осындай шарттарды енгізу керек, белгілі бір төмендеу немесе жоғарылату болса ол автоматты түрде түзетілім енгізіледі.

5.2 Валюталық операцияларды жүргізу тәртібі

Атап кететін жайт валюталық реттеудің көптеген құралдары бар, ал олар белгілі бір жағдайға байланысты әртүрлісі қолдануы мүмкін. Қазіргі кезде тарихта белгілі болғандай кей мемлекеттер бар шетелдік валютасын орталық банкке өткізу керек, осылайша орталық банк мемлекеттің ішкі жағдайын өзі қадағалап отырады (мысалы, СССР, валюталық монополия).

Жалпы айтқанда әртүрлі шектеулерді қоя отырып мемлекете нарықты өз қолына алып реттейді, оның айналымын, пайыздық мөлшерлемесін, банктердің ақшасын. Соның нәтижесінде тәуекел туандаған жағдайда тиімді іс шараларды қолдануға мүмкіндігі бар.

Қазақстанда көптеген мемлекеттерде сияқты валюталық реттеу валюталық шектеу механизмы арқылы жүзеге асырылады, валюталық заңдылықтар мен валюталық нормативтер, әкімшілік жауакершілікке тарту, резидент пен резидент месетердің валюталық операцияларын тіркеу, төлемдеді жүзеге асыру, ұлттық пен шетелдік валютаны шетелге ауыстыру механизмі, пайданы репатриациясы

Қазақстан Республикасының валюталық шектеу әдістері бұл нарықтың қатты ауытқуынан, ақша нисеилік жүйесінің қалыпты болуын, резервтердің төмендеуінен сақтандырады. Валюталық қатынастарды либерализациялау негізінде валюталық шектеуді жою қажет.

Қазақстан Республикасының Заңнамасымен қарастырылған Валюталық шектеуді тереңінен қарау үшін валюталық қатынастардың жалпы мінезін қарастыру керек.

Біз Р.Б. Алиеваның пікірімен келісеміз, ол валюталық шектеулердің табиғатын зерттей келе, валюталық шектеулер мемлекетпен төмендегідей мақсаттарға қол жеткізу үшін бекітіледі:

- 1) төлем балансын теңестіру;
- 2) валюталық курсты бір деңгейде ұстау;
- 3) стратегиялық мақсаттарға жету үшін валюталық құндылықтарды мемлекете қолында ұстау

Валюталық шектеу валюталық реттеу құралы ретінде келесі түрде жүзеге асырылады: 1) халықаралық төлеу процесін реттеу, пайданың репатриациясы, алтынның, ақша белгілерінің құнды қағаздардың қозғалуы, 2) шетелдік валютаны тікелей сатып алуды шектеу; 3) шетелдік валюта мен валюталық құндылықтарды мемлекет қолында болуы

Р.Б. Алиевтің пікірінше валюталық шектеудің мәнін келесідей айқындауға болады:

- орталық банктерде валюталық операциялардың орталықтандыру;
- валюталық операцияларды лицензиялау – импортер мен қарыз алушы міндетті түрде алуы тиіс;
- валюталық шоттардың барын немесе бір бөлігін блоктау;
- валюталық операцияларды шектеу [168-169 б.].

Төлеу балансын сақтап отыру үшін валюталық реттеу қолданылады, соның нәтижесінде валюталық шектеуді келесідей екі топқа бөлуге мүмкіндік берді:

- төлем балансының операциялары;
- төлем балансының қаржылық операциялары.

Сыртқытауар саттық операциялар кезінде келесідей валюталық шектеу түрлерін ажыратуға болады:

- экспорттаушылардың пайдасын міндетті түрде орталық банкке немесе белгіленген банктерге сату;
- экспорттаушылардың тауар сатып алу кезіндегі пайдасына шектеу қою, сол қараатпен қолдануға тыйым салу;
- ұлттық валютаға тауарды сатуға тыйым салу;
- импорттерларға шетелдік валютаны сатуға тыйым салу, тек белгіленген органдардың рұқсатымен ғана болмаса. Кейбір мемлекетте лицензия алу үшін белгілі бір банкке депозитке ақша салуы міндетті;
- импортерлерге белгілі бір тауарға төлеуді рұқсат етпеу;
- «лидз энд лэгз» валюталық тұрақсыздық кезінде импортаушы мен экспорттаушы төлемдерінің мерзімін қадағалау. Кейде сол қаражат спекулятивті жағдайда қолданбас үшін аванстық төлемдер де бақыланады;
- форвардтық сатып алуды импортерлерге шетелдік валютада рұқсат етпеу;
- валюталық курстардың көптігі – валюталық операциялар, валюталық группалар негізінде валюталар курсы айқындау [169 б.].

Белгілі бір уақытта төлеу балансын бір қалыпты ұстау үшін жасалған шаралар ақыры балансты ұстауға кері әсерін тигізеді. Өйткені халықаралық есеп айырылысуды әр мемлекетпен жасау керектігі туады.

Егерде мемлекеттер валюталық шектеуді өзінің әр экономикалық жағдайында қолданбайтын болса онда ол мемлекеттің нарығын жоғары деңгейдегі конвертациялана алатын мемлекетке жатқызуға болады.

Енді валюталық заңнамасымен белгіленген валюталық шектеуді қарастырайық. Қазір айтып кетеін жайт ол Валюталық реттеу мен бақылау Заңына сәйкес қазіргі кезде валюталық реттеуді жүзеге асырудың әдістері жүйеленіп әрқайсыс жеке өзінше бөлініп шыққан үш түрі бар: валюталық операцияларды лицензиялау, валюталық операцияларды тіркеу мен валюталық операцияларды ескерту. Біз көріп отырғандай, валюталық реттеудің валюталық ескерту режимі қолдануда. Осыдан алып шыатынымыз валюталық ескерту бұл заңнаманың ең соңғы жасаған жаңалығы.

Қазақстан Республикасының «Валюталық реттеу мен валюталық бақылау туралы» Заңы валюталық құндылықтармен валюталық операцияларға байланысты қызметтің лицензиялану керектігін көрсетеді. Қазіргі кезде осындай іс шараларға тек сауда саттықты жүзеге асыру, ақшаға қызмет көрсету жатады.

Валюталық лицензиялау операцияларына келесідей операциялар жатады:

- резиденттермен шетелдік валютада шот ашуы, (тек кей жағдайда ашу мақсатына байланысты шектеу болмаса (құнды қағазбен байланысты жасалатын іс шаралар, шетелдегі филиалдарды қаржыландыру үшін, негізге капиталды төлеу үшін) шетелдік банктің статусымен байланысты);

- коммерциялық несиелік бойынша төлемдер, резидентпен резидент еместерге 180 күннен аспайтын мерзімге;

- Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес экспортталған тауар мен қызметті төлеу, коммерциялық несиелік бойынша 365 күннен аспайтын мерзімде, ал резидент еместердің міндетті төлемдерінің 365 күннен аспаса;

- резидент еместердің құнды қағазын, пайын, инвестициялық фондтарын сатып алу, резидентпен резидент еместің жарғылық капиталын төлеу үшін жасалған төлемдер.

Тіркеу режимі бұл валюталық келісімшарт резидентпен белгіленген жағдайда тіркеуді айтады. Валюталық операцияларды тіркеу Қазақстан Республикасының «Валюталық реттеу мен бақылау» Заңы негізінде жүзеге асырылады:

- резидент пен резидент еместердің арасында 180 күннен аспайтын несиелік келісім шарттар, егерде лицензиялау керек болса басқа жағдай қолданылады.

- Қазақстан Республикасына резидент еместерден тікелей инвестициялар
- резидент еместердің резиденттің құнды қағаздарын соның ішінде пайдық инвестициялық фондтарын сатып алу, сонымен қатар алғашқы құнды қағаздардың халықаралық нарық капиталында сату, яғни депозитарлық расписаларды шығару,

- резиденттердің резидент еместерге немесе керісінше берген қарыздар 180 күннен аспайтын мерзімде, сонымен қатар резидент пен резидент еместердің міндеттемелері 180 күннен аспаған жағдайда;

- резидент тұлғаларының төлемдері, сонымен қатар резиденттер еместердің олардың шоттарына, дүние мүлкіті сатып алу мақсатында;

- резиденттердің резидент еместерге деген төлемі, резиденттердің резидентке төлемі;

- резидент заңды тұлғаларының шетелдік шот ашуы, қаржыландыру мақсатында.

Қазақстан Республикасының «Валюталық реттеу мен бақылау» Заңына сәйкес қазіргі кезде валюталық операцияларды мүшелерге хабарлау режимінде жасауға болады [ст. 9]. Бұл режим бойынша валюталық операциялар мүшелеріне және құнды қағаздардың профессионалды мүшелеріне клиент атынан жұмыс атқару.

Валюталық операцияларға:

- құнды қағаздарды, инвестициялық фондтардың пайдарын, жарғылық капиталына салымдар жасау, сонымен бірге қаржылық құралдарды жасаумен байланысты, тек сол белгілі бір іс-шараларға лицензия керек болмаған жағдайда; – резидент пен резидент еместердің арасында валюталық операция;

- резидент пен резидент еместердің төлемдері;

- резиденттермен банктік шоттарды ашу, егер де лицензия алумен ескертілмесе.

Валюталық операциялардың хабарлау режимі резиденттермен белгіленген банктерге немесе Ұлттық Банкке жасасқан келісім шарт туралы, немесе оның шарттарының өзгергені туралы ақпаратты беруге міндетті [п. 1 ст. 9].

Валюталық заңнаманың жаңа ерекшелгі бұл валюталық мониторингті жүргізумен, статистиканың күрделенімен, төлеу балансының болжамымен, Қазақстан Республикасының инвестициялық позициясымен, қарызының барымен сипатталады [п. 1 ст. 11]. Валюталық мониторинг Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен жүргізіледі.

Сонымен қатар тағы да айтып кететін жайт, валюталық мониторингінде Қазақстан Республикасында кем дегенде қызметі бір жылдан асса резидент еместердің филиалдары да қарастырылған [п. 2 ст. 11]. Валюталық мониторинг валюталық мониторингінің объектілерінен олардың валюталық операциялары жөнінде ақпаратты инуп, белгілі формада жинап белгілеу. Сол есептерді өткізудің өз мерзімдері Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес белгіленген.

«Валюталық реттеу мен бақылау» Заңы бойынша ұлттық және шетелдік валютаның репатриациясы қарастырылған. Ол дегеніміз белгіленген банктер шоттарына экспорттаушыдан резидент алған ұлттық валютадағы немесе шетелдік валютадағы қаражатты (Қазақстан Республикасының территориясынжа жасалған, банктік операцияларды жасауға рұқсаты бар) сонымен қатар импорт үшін төленген резидент емеске аударылған қаражат, егерде сатылмаған жағдайда [12 б.]. Ескеретін жағдай бұл тек 1 ақпанның 2007 жылынан бастап жұмыс істеді. Репартация режимін қолдану үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірқатар іс-шаралар жасауы қарастырылған, соның ішінде резидент еместермен экспорт пен импорт келісім шарттың паспортын рәсімдеу процесі. Алайда Валюталық реттеу мен бақылау Заңы бойынша импорт пен экспорт бойынша келісім шарттың паспорт ыжасалмайады делінген, егерде сома жүз мың доллар АҚШ тан көп болмаса. Бұрында бес мың АҚШ доллар деген сома болған, сол кезде паспорт жасалмаған.

Бақылау сұрақтары:

1. Валюталық операцияларды құқықтық реттеудің қандай қағидалары бар?
2. Валюталық операцияларды жүргізудің тәртібі қандай?